

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК КЕҢЕС

ЕУРОПА ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОМИССИЯСЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Тұрақты даму мүддесінде білім беру

бойынша екінші аймақтық кеңес

Рим, 2004 жылғы 15-16 шілде

Жоспарланған күн тәртібінің 3-тармағы

БҰҰ ЕЭК-ның ТҰРАҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Қосымша

МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХЫ

1. 1972 жылы болған Біріккен Ұлттар Ұйымының адамды қоршаған орта мәселелері бойынша конференциясы Бас хатшыға, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің ұйымдарына және басқа да тиісті халықаралық ұйымдарға консультацияларды өткізгеннен және келісімге келгеннен кейін қоршаған ортаны басқару және оны реттеудің қарапайым әдістерімен таныстыру мақсатында білім берудің барлық деңгейін қамтитын және барлық тұрғындарға, атап айтқанда ауылдық және қалалық жерлерде тұратын азаматтарға, соның ішінде – жасөспірімдерге, сондай-ақ ересектерге арналған адамды қоршаған орта саласында білім берудің халықаралық көпсалалы бағдарламаларын әзірлеуге және оны оқу орындарында, сондай-ақ одан тысқары жерлерде іске асыруға қажетті шараларды қабылдауға ұсыныс жасады.

2. 1975 жылы білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының экологиялық білім беру бойынша Белградтағы семинарына қатысушылар «Белград хартиясы» атты экологиялық білім беруге арналған ғаламдық негізді қабылдады. Онда экологиялық білім берудің мақсаты жер шары халқын қоршаған ортаны танып-білуге және бұл саладағы проблемаларды түйсінуге, сондай-ақ олардың тиісті білімінің, дағдысының, көзқарасының, ынтасының болуына және ағымдағы проблемаларды шешу және жаңа проблемалардың туындауын болдырмау үшін жеке және ұжыммен жұмыс істеуге дайындау екені көрсетілген.

3. Белградтағы семинардан екі жыл өткеннен кейін ЮНЕСКО Тбилисиде Қоршаған ортаны қорғау саласында білім беру бойынша конференция өткізді. Белград хартиясы негізінде құрылған Тбилиси декларациясында қоршаған ортаны қорғау саласында білім берудің келесі мақсаттары көрсетілген: а) қалалық және ауылдық аудандардың экономикалық, әлеуметтік, саяси және экологиялық өзара тәуелділігін айқын түсіну және оған қатысты жауапкершілік сезімін дамыту; в) әрбір адамның қоршаған ортаны қорғауға және жақсартуға қажетті дағдыларды игеруіне мүмкіндік туғызу; және с) жекелеген адамдардың, топтардың және жалпы қоғамның қоршаған ортаға қарым-қатынасының жаңа типін қалыптастыру. Сонымен қатар Декларацияда жекелеген адамдар және топтар үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы білім көмегімен игерілетін міндеттердің бес

санаты анықталған: а) қоршаған ортаға және онымен байланысты проблемаларға қатысты сананы және оған ұқыпты қарауды қалыптастыру; в) қоршаған ортаны танып-білу және онымен байланысты проблемалар туралы білім алу; с) қоршаған ортаны қорғауға қатысты жауапкершілік сезімін қалыптастыру; д) қоршаған орта проблемаларын анықтау мен шешу үшін дағдыларды игеру; және е) қоршаған орта проблемаларын шешуге белсенді түрде қатысу.

4. 1990 жылы жалпыға білім беру бойынша Дүниежүзілік конференцияда (Джамтъен, Таиланд) адамдардың өмір сүруі, барлық қабілеттерін дамыту, адамгершілік қасиеттерді сақтау жағдайында өмір сүру және жұмыс істеу, өз өмірінің сапасын дамытуға, жақсартуға жан-жақты қатысу, негізделген шешімдер қабылдау және білім алуды жалғастыру үшін (Жалпыға білім беру туралы дүниежүзілік декларация, 1-бап, 1-тармақ) қажетті білім көлемін (оқи алу, жаза білу, ауызша сөйлей білу, санай білу және проблемаларды шешу) және базалық оқыту мазмұнын (білім, кәсіби дағдылар, құндылықтар жүйесі және көзқарас) қамтитын базалық білім беру қажеттіліктері анықталды. Сонымен бірге Дакар іс-қимыл шеңбері (Білім беру мәселесі бойынша дүниежүзілік форум, Дакар, 2000 жылғы сәуір) білім алу адамның негізгі құқықтарының бірі екенін растайды. Оның мемлекеттер мен олардың арасында бейбітшілік және тұрақтылық орнату, тұрақты даму үшін маңызы зор, сонымен бірге қоғам өміріне және жедел қарқынмен дамып бара жатқан жаһандандыру кезіндегі ХХІ ғасырдың экономикалық процестеріне белсенді қатысуға қажетті құрал болып табылады.

5. 1992 жылы Рио-де-Жанейродағы (Бразилия) қоршаған орта және даму бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Конференциясында қоршаған орта және даму бойынша Рио-де-Жанейро декларациясы және ХХІ ғасырға арналған Күн тәртібі: Тұрақты дамуға арналған іс-қимылдар бағдарламасы қабылданды. ХХІ ғасырға арналған Күн тәртібінің 36-тарауында ресми білім беруді қоса алғанда, оқу-ағарту, халықтың ақпарат алуын жақсартуды және кәсіби даярлықты адамның және қоғамның әлеуетін толық дәрежеде ашуға жәрдемдесетін процесс ретінде мойындау керектігі атап көрсетілді. Оқу-ағартудың тұрақты дамуға ықпал ету, қоршаған орта мен даму мәселелерін шешуде адамның мүмкіндіктерін кеңейту үшін маңызы зор. Бұдан кейінгі Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық конференцияларында қарастырылған тақырыптарға (қоршаған орта, тұрғылықты халық, әлеуметтік даму, адам құқығы және демократия, әйелдердің жағдайы және қоршаған ортаны сақтау) қарамастан, тұрақты даму проблемасы күн тәртібіне үнемі қойылып отырды, сонымен қатар білім беру қажетті өзгерістерді жүзеге асырудың қозғаушы күші екендігі туралы бір ауызды пікір бар. Бейбітшілік, даму, денсаулық және демократия тұрақты дамудың бірін-бірі толықтыратын алғышарттары екені көрсетілген.

6. Тұрақты даму мақсатында білім беру 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Рио-де-Жанейрода өткен Конференциясының нәтижесі болып табылады. 1992 жылға дейін қоршаған орта экологиялық білім беру саласындағы экономика, жаратылыстану және қоғамтану сияқты жеке ғылымдарды қамтитын барынша кең ауқымды тақырыптардың бірі болды. Осының нәтижесінде қоршаған ортаға қатысты тақырыптарды қарастыру кезінде қиындықтар туындады және білім беру саласындағы қызметкерлер осындай күрделі пәнді игеруде қиын жағдайда қалды. Рио-де-Жанейродағы Конференцияда қоршаған орта ұғымына тұрақты даму тұжырымдамасын енгізу арқылы оның мазмұнын кеңейту жөнінде ұсыныс жасалды. «Тұрақты даму мүддесінде білім беру» түсінігі тұрақты даму деген бастапқы терминді білдіреді.

7. 1992 жылы Торонтода (Канада) қоршаған орта мен даму саласындағы білім беру және ақпарат бойынша Дүниежүзілік конгресс өткізілді. Бұл Рио-де-Жанейрода өткен Конференциядан кейінгі ХХІ ғасырға арналған күн тәртібінің 36-тарауында көтерілген

«Халыққа білім беру, ақпараттандыру және мамандарды даярлауға жәрдемдесу» мәселелеріне арналған бірінші ірі халықаралық кездесу болды. Онда даму келешектегі өсу тұрғысынан қарастырылады, онда табиғат қоршаған ортаны шектен тыс пайдаланудың ықпалын төмендету арқылы ұтымды пайдалануды қажет ететін капитал ретінде берілген. Аталған контексте тұрақты даму заттардың қалыптасқан жағдайын күрт өзгертуден бас тартуға болатын келісім ретінде қарастырылады. Білім беру техникалық прогреске жәрдемдесетін шикізат өнімділігі тұрғысынан оңтайлы нәтижелер алу мен әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге ықпал ететін мәдени жағдайларды қалыптастыру үшін мамандарды даярлау арқылы тұрақты даму саласындағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға тиіс. Басты міндет қоршаған ортаға тигізетін әсерді төмендету арқылы қарқынды, барынша тең құқылы экономикалық өсуге қол жеткізу мақсатында капиталдың барлық түрлерін (адам капиталын қоса алғанда) пайдалану болып табылады.

8. ХХІ ғасырға арналған Күн тәртібінде көрсетілген ұсынысқа сәйкес осы мәселенің тиімді түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы 1993 жылы Тұрақты даму жөніндегі комиссия құрды. Аталған комиссия Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің функционалдық комиссиясы болып табылады. Ол жыл сайынғы конференцияларда ХХІ ғасырға арналған Күн тәртібінің мәселелерін үнемі қарастырып отырады. Ол 1998 жылы өзінің алтыншы сессиясында білім және ақпарат бойынша кең көлемді резолюция қабылдады. Бұдан басқа ол жүргізілетін жұмыстардың ауқымды бағдарламасын бекітті, онда мемлекеттерге тұрақты даму мақсаттарын барлық деңгейдегі білім беру бағдарламаларына енгізу ұсынылады және олардың осы бағыттағы іс-қимылдарына қолдау көрсетілетіні атап өтіледі.

9. 1996 жылы ЮНЕСКО-ның атына ұсынылған ХХІ ғасырға арналған білім беру бойынша Халықаралық комиссияның «Білім – бұл меншіктік құндылықтар категориясы» атты баяндамасында білім берудің демократиялық және жарқын болашақты қамтамасыз ету үшін қажет екендігі атап көрсетілді. Білім берудің негізі ретінде төрт фактор айқындалды: барлық адамдарды өмір сүру үшін оқыту, білім алу мақсатында оқыту, өмір бойы іс-әрекетке қабілеттілікке оқыту.

10. Қоршаған орта және қоғам мәселелері бойынша халықаралық конференцияда: тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін халыққа білім беру мен ақпараттандыру (Салоники, Греция, 1997 жыл), азаматтық түсінігі тұрақтылыққа бағдарланған оқу бағдарламаларындағы бірінші кезектегі мақсаттардың бірі екендігі атап көрсетілді. Табиғатты зерттеудегі дәстүрлі басымдықтар қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды зерттеумен теңестірілуі қажет. Содан кейін экологиялық процестердің өзара байланысын зерттеу нарықтық күштермен, мәдени құндылықтармен, әділ шешімдер қабылдаумен, үкіметтің іс-әрекетімен және қоршаған ортаға антропогендік қызметтің тигізетін әсерімен жан-жақты байланыстырылатын болады. Оқушылар әлемдегі өзінің алатын орнын сыни тұрғыдан ойлауға және олар үшін қоғамның тұрақтылығы нені білдіретіні туралы мәселені қарастыруды үйренуге тиіс. Олар іс жүзінде даму мен тіршілік процестерінің балама жолдарын бағалай білуге, балама тұжырымдарды бағалай білуге, келіссөздер жүргізе білуге үйренуі және тұжырымдаманы тандауды негіздеуге, сондай-ақ бұл мақсаттарға қол жеткізудің жоспарларын құруға және осы тұжырымдамалардың іске асырылуы үшін қоғам өміріне қатысуы қажет. Жоғары азаматтық сезім негізінде жатқан мұндай дағдылар мен қабілеттер тұрақты даму мүддесіндегі білімді жан-жақты хабардар, мүдделі және белсенді халықты тәрбиелеу процесінің бір бөлігі етеді. Конференция тұрақты даму мақсатында білім беру демократия мен бейбітшілік мәселелері бойынша білімнің дамуына ықпал етеді деген қорытындыға келді.

11. 1992 жылдан бастап тұрақты дамуға қол жеткізу негізінен білім беру процесі болып табылатыны туралы халықаралық консенсус байқалады. 90-жылдардағы Біріккен Ұлттар Ұйымының: Венадағы Адам құқығы бойынша дүниежүзілік конференция (1993 жыл), Каирдағы Халықтың қоныстануы мен дамуы бойынша халықаралық конференция (1994 жыл), Барбадостағы шағын аралдық дамушы мемлекеттердің тұрақты дамуы бойынша жаһандық конференция (1994 жыл), Копенгагендегі Әлеуметтік даму мүддесіндегі жоғарғы деңгейдегі дүниежүзілік кездесу (1995 жыл), Пекиндегі Әйелдердің жағдайы бойынша дүниежүзілік конференция (1995 жыл), Азық-түлік мәселесі бойынша жоғарғы деңгейдегі дүниежүзілік кездесу (1996 жыл) және Стамбулдағы Елді мекендер бойынша жоғарғы деңгейдегі кездесу, Түркия (1994 жыл) сияқты ірі конференцияларында білімнің өмірлік маңызы атап көрсетілді.

12. Баяндамаға сәйкес (Тұрақтылық мүддесіне оқу-ағарту – Рио-де-Жанейродан Йоханнесбургке дейін: белсенді іс-қимыл онжылдығының сабақтары (ЮНЕСКО, 2002 жыл) соңғы он жылдықта тұрақты даму мүддесінде білім беру (ТДБ) процесінде алынған кейбір негізгі сабақтар мыналар болып табылады: а) ТДБ жаңадан қалыптасып келе жатқан, бірақ біртіндеп даму үстіндегі білім берудің жаңа бағыты болып табылады, оның мақсаты – барлық жастағы адамдарға жарқын болашағын құруда жауапкершілікті өз қолына алу мүмкіндігін беру; в) базалық білім болашақ білімнің негізін қалайды және тұрақты дамуға қосылатын дербес үлес болып табылады; с) қалыптасқан көптеген саяси құрылымдарды, бағдарламаларды және тұрақты дамуға қажетті тұжырымдарды, дағдыларды, қызығушылық пен осы бағытты ұстануды қамтамасыз ету үшін білім беру саласындағы іс-шараларды қайта бағдарлау қажеттігі туындап отыр; д) білім беру ауылдық жерлердегі өзгерістердің түйіні және ауылдық аумақтар мен қауымның экономикалық, мәдени және экологиялық тіршілік қабілеттілігін қамтамасыз етуге тиіс; е) ересектер мен қауымға білім беруді қоса алғанда, өмір бойы үздіксіз білім беру, тиісінше техникалық және кәсіптік білім беру, жоғарғы білім беру және оқытушыларды даярлау болашақтағы тұрақты даму мүддесінде әлеуетті қалыптастырудың маңызды құраушылары болып табылады.

13. Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің шеңберінде ЮНЕСКО жетекші мекеме болып табылады, алайда басқа ұйымдар да бұл қызметке өз үлесін қосады. Оларға: Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму жөніндегі бөлімі, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы және Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған ортаны қорғау бойынша Бағдарламасы (ЮНЕП) жатады. ЮНЕСКО Біріккен Ұлттардың көптеген мекемелерімен, атап айтқанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Ұлттардың қоныстануы саласындағы Қорымен (ЮНФПА), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен (ДСҰ) және Халықаралық еңбек ұйымымен (ХЕҰ) серіктестік қарым-қатынастарды дамытуда, халыққа білім беруге жәрдемдесу үшін ДСҰ-мен бірлесіп денсаулық сақтау саласында білім берудің жаңа жолдарын өзірлеумен айналысуда, Біріккен Ұлттардың Тамақ және ауылшаруашылық ұйымдарымен (ФАО) – ауылдық жерлерде білім беруді дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен, ДСҰ және ВИЧ/СПИД бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Бірлескен бағдарламасымен (ЮНЕЙДС) – пандемиямен күрес, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорымен (ЮНИСЕФ), Біріккен Ұлттар Ұйымының босқындар ісі жөніндегі Жоғары Комиссары Басқармасымен (УВКБ) және ірі ҰЕҰ-мен – дағдарыс және жанжалдан кейінгі жағдайларда білім беруді қайта құруға ықпал етеді, сондай-ақ басқа да көптеген ұйымдармен қарым-қатынас жасайды. Бұдан басқа Еуропалық Одақ, Еуропа Кеңесі, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының білім беру саласындағы зерттеулер мен жаңалықтар орталығы қоршаған ортаны қорғау саласында білім беру мен тұрақты даму мүддесіндегі білім беруді түсіну мен жүзеге асыруға өз үлестерін қосуда.

14. ХХІ ғасырға арналған Күн тәртібі шеңберіндегі Балтық теңізі аймағындағы тұрақты даму мүддесінде білім беру саласындағы қызметті, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің экологиялық білім беру бойынша Мемлекетаралық экологиялық кеңесінің Жұмысшы тобының; экологиялық білім беру бойынша Орталық Азиялық мемлекетаралық жұмысшы тобының және экологиялық білім беру мәселелері бойынша Солтүстік Америка ассоциациясының қызметін қоса алғанда аймақшілік үкіметаралық процестер жүріп жатыр.

15. Бірқатар оқу желілері, орталықтары және университеттер қауымдастығы мен ҮЕҰ тұрақты дамуға байланысты проблемалардың шешімін табу мақсатында көпсалалы білім беру нысандарын әзірлеуге кірісті. Осындай бастамалардың қатарында 1988 жылғы «Магна чарта университетум европеум» бастамасын, 1999 жылғы Болонья декларациясын, 1993 жылғы тұрақты даму саласындағы Коперник атындағы университеттің Хартиясын және 2000 жылғы Жер хартиясын айтуға болады.

16. Ақпаратқа қол жеткізу, көпшіліктің қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдауға қатысуы және әділдікке қол жеткізуі жөніндегі Орхусс конвенциясы экологиялық білім беру үшін жаңа келелі бағыттарды ашады. Азаматтар экологиялық, әлеуметтік және экономикалық проблемалардың арасындағы өзара байланысты жақсы түсінуге тиіс. Олар өздерінің ақпаратқа және әділдікке қол жеткізу және шешім қабылдауға қатысу құқықтарын іс жүзінде қолдануды үйренуге тиіс. Халықтың басым бөлігін, оның ішінде азаматтық қоғамның экологиялық ұйымдарын, тұтынушылар мен жастар топтарын белсенді тарту барынша тиімді және заңды экологиялық саясатты қалыптастыруға қажетті фактор ретінде қарастырылады.

17. Тұрақты даму бойынша жоғарғы деңгейдегі Дүниежүзілік кездесуге арналған министрлердің Аймақтық кеңесінде (Женева, 2001 жыл, 24-25 қыркүйек) аталған мәселе қаралды және онда білім беру саласында бастамалар көтеруге ұсыныс жасалды. Егер нақтырақ айтатын болсақ, министрлер тұрақты дамуды іс жүзінде қалай жүзеге асыру мен оны қалай ынталандыруға болатыны туралы жалпы түсінікті кеңейту мақсатында білім беру жүйесін және тұрақты даму бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу процесін жетілдіру жөнінде шешім қабылдады.

18. 2002 жылы Йоханнесбургте (Оңтүстік Африка) өткен тұрақты даму бойынша жоғарғы деңгейдегі Дүниежүзілік кездесудің Декларациясы мен шешімдерін орындау Жоспарында қайта білім берудің негізгі факторларының бірі ретінде білім беру жүйесінің барлық деңгейіне тұрақты дамыту тұжырымдамасын енгізу қажеттігі атап көрсетілді. Сондай-ақ Дүниежүзілік кездесу Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында 2005 жылдан басталатын Тұрақты даму мүддесінде білім берудің онжылдығын жариялауды ұсынды.

19. Министрлердің «Қоршаған орта Еуропа үшін» бесінші конференциясына (Киев, 2003 жыл) дайындық барысында үкімет және үкіметтік емес ұйымдар экологиялық білім (ЭБ) деңгейін көтеруге және тұрақты даму мүддесінде білім беруге зор ынта білдірді. БҰҰ ЕЭК Қоршаған ортаны қорғау министрлері білім беру қоршаған ортаны қорғау және тұрақты дамуды қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі болып табылатынын және экологиялық білім беру шеңберінде ХХІ ғасырға арналған Күн тәртібіне енгізілген көптеген мәселелерге баса назар аударыла бастағанын мойындады; министрлер Тұрақты даму мүддесінде білім беру туралы мәлімдемені мақұлдады.

20. Олар өзгерістердің шешуші факторы ретінде білім беруге ықпал ету мақсатында барлық елдерге бастауыш білімнен жоғары білім беруге дейін және ресми емес білім беру мен оқу орындарынан тыс білім беру жүйелерін қамтитын білім беру жүйесінің барлық

деңгейіне тұрақты даму тұжырымдамасын енгізуді ұсынды. Олар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының елу жетінші сессиясында (2002 жылғы желтоқсан) тұрақты даму бойынша жоғарғы деңгейдегі Дүниежүзілік кездесудің ұсынысы бойынша жарияланған Біріккен Ұлттар Ұйымының 2005 жылдан бастап Тұрақты даму мүддесінде білім берудің онжылдығын қабылдады және осы бастаманы аймақтық деңгейде таратуда жетекші роль атқаруға келісті.

21. Осы мақсатта олар БҰҰ ЕЭК-на өз мандатына сәйкес ҮЕҰ және ЮНЕСКО бастаған Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мүддесінде білім беру онжылдығын өткізуге ықпал ететін негізгі бірлестіктерді қоса алғандағы, барлық тиісті халықаралық ұйымдармен сұхбаттастықты дамыту арқылы ЮНЕСКО және Еуропа Кеңесімен бірлесіп тұрақты даму мүддесінде білім беру саласындағы аймақтық стратегияны әзірлеу жұмыстарын жүргізуді ұсынды.

22. Осылайша Стратегияда аймақта және дүние жүзінде жинақталған тәжірибе ұтымды пайдаланылады және «Қоршаған орта Еуропа үшін» атты министрлердің бесінші конференциясында ұсынылған БҰҰ ЕЭК-ның тұрақты даму мүддесінде білім беру стратегиясындағы негізгі элементтерді пайдалану арқылы тұрақты даму мүддесінде білім беру туралы Мәлімдеменің жалғасы болады. Сонымен қатар ол ЮНЕСКО әзірлеген тұрақты даму мүддесінде білім берудің онжылдығын жүзеге асыру жоспары жобасының негізін салуға қосылған үлес болады және оның ережелеріне сәйкес Онжылдықты аймақтық деңгейде өткізудің негізін қалайды.